

Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 8 қарашадағы № 10 шешімі.
Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 1 желтоқсанда № 9-19-142 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17 бабының 2, 3 тармақтарына сәйкес, **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеуді 2011 жылдың қаңтар-наурызында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге (келісім бойынша) тіркеу жөніндегі іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Ұзынкөл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне "Ұзынкөл ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесімен бірге (келісім бойынша) ұсынылсын:

1) әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеуге нарядты оқу орындарына жеткізсін;

2) жұмысты бұқаралық ақпараттық құрал арқылы ұйымдастырсын, әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу бойынша жұмыстың басталуы туралы хабарлану берілсін;

3) әскери оқу орындарына түсуге әскери кәсіптілік бағытында болу мақсатымен тіркеу уақытында әрбір әскер жасына дейінгімен жеке әңгімелесу жүргізілсін.

4. Ұзынкөл ауданының селолық округтерінің, Ұзынкөл, Троебрат, Рязский селоларының әкімдері тіркеуге жататын, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

5. "Ұзынкөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына 122005000 "Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар" бағдарламасымен көзделген қаражаттар шегінде Қазақстан Республикасының

тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарын Ұзынкөл ауданының шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз етуге байланысты іс-шаралардың қаржыландырылуын жүргізу ұсынылсын.

6. "Қазақстан Республикасы ішкі істер Министірлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті Ұзынкөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) мыналар ұсынылсын:

- 1) тіркелуден бас тартып жүрген тұлғаларды ұстауды және іздестіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 2) тіркеу жүргізу кезеңінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

7. Осы шешімнің орындалуына бақылау Ұзынкөл ауданы әкімінің орынбасары Д.М. Айшвақоваға жүктелсін.

8. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл ауданының әкімі

Т.Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы
ішкі істер Министірлігі
Қостанай облысының ішкі
істер Департаменті Ұзынкөл
ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесі, бастық
----- А. Елисеев

2010 жылғы 8 қарашада

"Ұзынкөл ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесі, бастық
----- О. Оразалиев

2010 жылғы 8 қарашада

"Ұзынкөл аудандық орталық
ауруханасы" мемлекеттік
коммуналдық қазыналық
кәсіпорны, бас дәрігер
----- Қ. Ержанов

2010 жылғы 8 қарашада